

**СИЛЛАБУС**  
**2024-2025 оқу жылының күзгі семестрі**  
**«БВ04205 Құқықтану» білім беру бағдарламасы, екінші жоғары білім**

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
82902 Жер қойнауын пайдалану құқығы	4	15	30	-	5	4

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
Оффлайн	БП, таңдау компоненті	Классикалық шолу, аналитикалық дәріс	логикалық тапсырмалар, пікірталас, сөзжұмбақтар құрастыру, тест-сұрақтар	Univer АЖ ауызша
<b>Дәріскер (лер)</b>	Рахметов Есил Шарипбаевич			
<b>e-mail:</b>	@gmail.com			
<b>Телефоны:</b>	87012821378			
<b>Ассистент (тер)</b>	Шуланбекова Гульмира Құралбекқызы			
<b>e-mail:</b>	Gul15-73@mail.ru			
<b>Телефоны:</b>				

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
<p>Пәннің мақсаты: жер қойнауын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді талдау қабілетін қалыптастыру; Жер қойнауы туралы заңнаманың қазіргі жай-күйі мен даму үрдістерін бағалау; Жер қойнауы туралы заңнаманы практикада қолдану. Оқытылатын болады: жер қойнауы учаскелерін геологиялық зерделеуге, ұтымды пайдалану мен қорғауға, жер қойнауы учаскелерін пайдалану құқықтарын беруге және тоқтатуға байланысты қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктері.</p>	<p>1. Заңдылықты қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдалану саласындағы қызмет және мемлекеттік реттеудің жаңа әдістемелерін қолдану туралы теория мен заңнаманың мазмұнын түсінуді көрсету</p> <p>2. Қазақстан экономикасының түрлі секторлары жұмысының тиімділігін жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін ұсыну үшін олардың тиімділігін сыни бағалау негізінде жер қойнауын пайдалану құқығы нормаларын қолдану тәртібін талдау әдістерін саралау</p> <p>3. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу қызметінің ерекшелігін талдау және анықтау, сондай-ақ елдің жер қойнауын пайдалану институтын</p>	<p>1.1 Жер қойнауын пайдалану құқығының барлық институттарын құқықтық бекітудің ерекшелігін дәлелдеу.</p> <p>1.2 Экономиканың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторында осы нормаларды қолдану ерекшелігі арқылы қазақстандық және халықаралық құқық жүйесіндегі жер қойнауын пайдалану құқығының орны мен рөлін анықтау.</p>
		<p>2.1 Жер қойнауын пайдаланудың халықаралық және отандық құқығының нормаларын қолдану шарттарын талдау әдістемесін қолдану.</p> <p>2.2 Жер қойнауын пайдалану құқығының қандай да бір нормаларын қолдану шарттарын түсіндіру.</p> <p>2.3 Әр түрлі практикалық жағдайларда нормаларды заңнамалық шоғырландырудың ерекшеліктерін талдау.</p>
		<p>3.1 Мемлекеттік реттеу және басқару әдістемелерін жіктеу</p>

	<p>дамыту тиімділігін қамтамасыз ету.</p>	<p>3.2 жер қойнауын пайдалану институты жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу және мемлекеттік басқару әдістерін салыстыру, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік басқару құралдарын қолдану.</p> <p>3.3 мемлекеттік реттеу мен басқарудың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және осы әдістерді қолдану негіздерін анықтау.</p>
	<p>4. Жер қойнауын пайдалану қызметінің әртүрлі салаларында заңдылықты сақтау және қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасау;</p>	<p>4.1 Жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлеу.</p> <p>4.2 Заңдылықтың бұзылу себептерін түсіндіру және оларды жою.</p> <p>4.3 жер қойнауын пайдалану қызметінің әртүрлі салаларында заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша жоспарлар жасау.</p>
	<p>5. Қазақстанның жер қойнауын пайдалану саласындағы жұмысты жетілдіру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстарды тұжырымдау үшін ҚР заңнамасын талдау және оның халықаралық міндеттемелер мен ұлттық мүдделерге сәйкестігі негізінде жұмыстың әртүрлі салаларындағы құқықтық реттеу практикасына баға беру.</p>	<p>5.1 Қазақстанның ұлттық мүдделерін ескере отырып, халықаралық міндеттемелерді орындау қажеттілігін негіздеу.</p> <p>5.2 Жер қойнауын пайдалану секторының жұмыс істеуінің тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы шет елдердің тәжірибесін бағалау.</p> <p>5.3 ҚР жер қойнауын пайдалану секторының жұмыс істеуінің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруда шет елдердің оң тәжірибесін қолдану мүмкіндігіне баға беру.</p>
<b>Пререквизиттер</b>	<p>TGP 1201 - Мемлекет және құқық теориясы; KPRK1202 - Конституциялық құқық; GPRK2204 ҚР Азаматтық құқығы жалпы бөлімі; UPRK2205 - Қылмыстық құқық; EPRK 2222 - ҚР Экологиялық құқығы;</p>	
<b>Постреквизиттер</b>	<p>ZP 4216 - Жер құқығы; PEB 3408 Экологиялық қауіпсіздік құқығы; PRGRPZ 3224 - Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу; OEB 3214 - Экономикалық қауіпсіздік құқық негіздері.</p>	
<b>Оқу ресурстары</b>	<p><b>Әдебиеттер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ЗРК Кодексі. <a href="http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212">http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212</a>;</li> <li>2. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400 Экологиялық кодексі. // «Әділет» АЖО веб-сайтында электрондық ресурс ретінде қол жетімді: <a href="http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212">http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212</a>;</li> <li>3. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі // Электронды ресурс ретінде «Әділет» АЖО веб-сайтында: <a href="http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442">http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442</a>;</li> <li>4. Природоохранное законодательство РК: Учебно-методическое пособие. А.И. Алдабергенова. - Костанай, 2017. - 178 с</li> <li>5. Нажмитдин Мухитдинов Избранные труды в 10 томах – Изд. 2-ое, доп. Алматы: ТОО «Нурай Принт Сервис», 2013.</li> </ol>	

	<p>6. Нефть и газ независимого Казахстана. Путь преобразований и перемен Астана, 2017. – 212</p> <p>7. Нефть и газ независимого Казахстана. События. Факты. Люди Астана, 2017. – 352</p> <p>8. Олейникова А. Я., Степенко В. Е. Горное право Онссии: учебное пособие. - Хабаровск: Изд-во ТОГУ, 2016.</p> <p>9. Певзнер М.Е. Горное право 5-е издание 2016, С – 384.</p> <p>10. А.А. Есекеева.: Жер қойнауын пайдалану құқығы. Оқу құралы. А.: Қазақ университеті, 2021.</p> <p>Еркинбаева Л.К., Кудерина А.Т. Эколога-правовое обеспечение химической безопасности Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 148 с.</p> <p><b>Интернет-ресурстар</b></p> <p>1. <a href="http://elibrary.kaznu.kz/ru">http://elibrary.kaznu.kz/ru</a></p> <p>2. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/">https://adilet.zan.kz/kaz/</a></p> <p>3. <a href="https://blog.agrokebety.com/ponyatiye-agrarnogo-prava">https://blog.agrokebety.com/ponyatiye-agrarnogo-prava</a></p>
--	--

<b>Пәннің академиялық саясаты</b>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p><b>Сабаққа қатысуы.</b> Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p><b>Академиялық адалдық.</b> Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p><b>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.</b> Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 87019510402 /e-mail kozhabek-@mail.ru</p> <p><a href="https://us04web.zoom.us/j/4175819644?pwd=UWFtS0hicFVick5vaE5WSy83WUVxZz09">https://us04web.zoom.us/j/4175819644?pwd=UWFtS0hicFVick5vaE5WSy83WUVxZz09</a></p> <p><a href="https://teams.live.com/l/invite/FEAOhRY5m0bHxAnbQE">https://teams.live.com/l/invite/FEAOhRY5m0bHxAnbQE</a></p> <p>кеңестік көмек ала алады.</p> <p><b>МООС интеграциясы (massive openlline course).</b> МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p><b>Назар салыңыз!</b> Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
-----------------------------------	--

#### БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. <b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		

B+	3,33	85-89	Жақсы	табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. <b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
B	3,0	80-84		<b>Формативті және жиынтық бағалау</b>	<b>% мәндегі баллдар</b>
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	0
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	30
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	30
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	-
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54		<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>	100

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
<b>МОДУЛЬ 1 Жер қойнауын пайдалану құқығының түсінігі мен қағидалары</b>			
1	<b>Д 1.</b> Жер қойнауын пайдалану құқығы: түсінігі, пәні, әдістері, қайнар көздері және даму тарихы.	1	
	<b>СС 1.</b> Жер қойнауын пайдалану құқығына жалпы сипаттама беріңіз: түсінігі, пәні, әдістері, қайнар көздері және даму тарихын ашып көрсету. Басқа құқық салаларымен ара қатынасын ажырата отырып түсіндіру.	2	7
2	<b>Д 2. Жер</b> қойнауын пайдалану құқықтық қатынастары: түсінігі, белгілері, қатысушылары, мазмұны және пайда болу, өзгеру, тоқтатылу негіздері.	1	
	<b>СС 2.</b> . Тау кен қатынастары пайдалану туралы конституциялық нормаларды түсіндіру; Тау кен заңнамасының қағидаларын айқындау; ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңының құрылымын ашып көрсету; Тау кен қатынасы саласындағы басқа да заңдар айырмашылықтарын көрсету; Тау кен құқық қатынастарына түсініктеме беру..	2	7
	<b>СӨЖ 1. СӨЖ 1</b> орындау бойынша кеңестер		
3	<b>Д 3.</b> Жер қойнауына меншік құқығы.	1	
	<b>СС 3.</b> Жер қойнауына меншік құқығының түсінігін ашып беру. Жер құқығы пәнімен салыстыра отырып талдау жасау.	2	7
	<b>СӨЗ 1.</b> Жер қойнауын пайдалану құқығының Қазақстандағы құқық салалары жүйесіндегі орнын теориялық тұрғыда түсіндіру.		<b>25</b>
4	<b>Д 4.</b> Жер қойнауын пайдалану құқығы: түсінігі, түрлері және туындау, өзгеру, тоқтатылу негіздері.	1	
	<b>СС 4.</b> . Жер қойнауын пайдалануға беру туралы шешімдердің жүзеге асырылуы және орындалу барысын түсіндіру, зерттеу.	2	7
5	<b>Д 5.</b> Тау кен құқық қатынастары саласындағы мемлекеттік – құқықтық реттеу.	1	
	<b>СС 5.</b> Жер қойнауын басқару органдарының атқаратын қызметі мен құзіретіне тоқталу; Жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыратын органдардың мәртебесін көрсету.	2	7
<b>МОДУЛЬ 2 Жер қойнауын пайдалану саласын мемлекеттік құқықтық реттеу</b>			
6	<b>Д 6.</b> Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық режимі.	1	
	<b>СС 6.</b> Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық режимінің талаптарын басқа салықтардан айырмашылықтарын ашып көрсету.	2	7
	<b>СӨЖ 2. СӨЖ 2</b> орындау бойынша кеңестер		
7	<b>Д 7.</b> Жер қойнауын пайдалану саласында халықаралық құқықтық міндеттемелерін	1	



**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ.**

**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**«СӨЖ 1. Жер қойнауын пайдалану құқығының Қазақстандағы құқық салалары жүйесіндегі орнын теориялық тұрғыда түсіндіру» жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<b>Тақырыптың ашылуы және мазмұнның толықтығы</b>	Жер қойнауын пайдалану құқығының негізгі қайнар көздері толыққанды сипатталған. Жер қойнауын пайдалану құқығы құқық салаларының арасында тұтас бір жүйе ретінде қарастырған, әсіресе, экологиялық құқық пен жер құқығымен тығыз байланыстын жан-жақты талданған. Барлық қайнар көздер нақты және жүйелі түрде түсіндірілген.	Негізгі қайнар көздер жеткілікті түрде ашылған, бірақ кейбір аспектілер толық қамтылмаған немесе қосымша талдау қажет. Мазмұн жалпы түсінікті, бірақ кейбір маңызды мәселелер беткей сипатталған.	Тақырып үстірт ашылған, негізгі ұғымдар мен қайнар көздер толық қамтылмаған немесе кейбір мәліметтер жетіспейді. Тақырып жалпы түсіндірілгенімен, дәлдік аз.	Тақырып дұрыс ашылмаған немесе жер қойнауын пайдалану құқығының қайнар көздері туралы негізгі түсініктер жоқ.
<b>Халықаралық құқықтың әртүрлі қайнар көздерін талдау</b>	Жер қойнауын пайдалану құқығының жалпы құқық принциптері жан-жақты талданған. Қазақстанның Конституциялық құқық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, жер, экологиялық заңнамасы жер қойнауын пайдалану кезінде экологиялық әсерді бағалауды және қоршаған ортаны қорғау шаралары негізделген. Әрқайсысының құқық жүйесіндегі рөлі мен маңызы толық түсіндірілген.	Негізгі қайнар көздер талданған, бірақ кейбір қайнар көздерге қатысты толық емес талдау берілген. Маңызды аспектілер бар, бірақ оларды тереңірек қарастыру қажет.	Жер қойнауын пайдалану құқығының кейбір қайнар көздері қарастырылған, бірақ талдау жеткіліксіз немесе үстірт жүргізілген. Көптеген маңызды қайнар көздер назардан тыс қалған.	Қайнар көздер дұрыс талданбаған немесе мүлдем қарастырылмаған.
<b>Теориялық және практикалық мысалдар</b>	Жер қойнауын пайдалану құқығының қайнар көздерінің теориялық негіздемесі нақты мысалдармен жақсы байланыстырылған.	Теориялық негіздеме дұрыс, бірақ практикалық мысалдар жеткіліксіз немесе кейбір мысалдар толық ашылмаған.	Теориялық негіздеме бар, бірақ ол нақты мысалдармен жеткілікті байланыстырылмаған. Практикалық мысалдар аз немесе мүлдем жоқ.	Теориялық негіздеме жоқ немесе практикалық мысалдар мүлдем келтірілмеген.
<b>Құрылымы мен логикасы, Жазу стилі мен грамматикасы</b>	Жұмыс логикалық және құрылымды, бөлімдер өзара жақсы байланысқан. Әрбір бөлім нақты түсініктеме беріп, мазмұн жүйелі түрде ұсынылған. Жазу стилі түсінікті, грамматикалық қателер жоқ. Жұмыс ғылыми тілмен жазылған, ойлар анық және логикалық баяндалған.	Жұмыстың құрылымы негізінен дұрыс, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы байланыс әлсіз. Жалпы логика бар, бірақ құрылымдық жақсартулар қажет. Жазу стилі негізінен дұрыс, бірақ кейбір грамматикалық қателер кездеседі. Стиль ғылыми,	Жұмыс құрылымы әлсіз, бөлімдер арасында байланыс жеткіліксіз, тақырыптар аралас немесе жүйесіз берілген. Грамматикалық және стилистикалық қателер көп, жазу стилі түсініксіз немесе жұмыс жеткіліксіз редакцияланған.	Жұмыс логикалық құрылымнан мүлдем айырылған, тақырып жүйесіз және түсініксіз жазылған. Жазу стилі мен грамматикасы өте нашар, мәтін түсініксіз және көптеген қателіктер бар.

		бірақ түсініксіз тұстары бар.		
--	--	-------------------------------	--	--

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ  
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**СӨЖ 2. Жер қойнауын пайдалануға келісім шарт ережелерінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің құқықтық мәселелерін талқылау (презентация, реферат) жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

<b>Критерий</b>	<b>«Өте жақсы» 20-25 %</b>	<b>«Жақсы» 15-20%</b>	<b>«Қанағаттанарлық» 10-15%</b>	<b>«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%</b>
<b>Мазмұнның толық ашылуы</b>	Тақырып толық ашылған. Негізгі келісімшартта тараптардың құқықтары мен міндеттерін яғни оларды қайта қарау немесе өзгерту процесінде келісімшарттың негізгі шарттарының сақталуы және тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін келісімшартта нақты шарттар, мерзімдер және жауапкершіліктер толық әрі жан-жақты баяндалған. Мазмұн дәйекті түрде, терең талдаумен ұсынылған.	Тақырып жеткілікті деңгейде ашылған. Адам құқықтары және оларды қорғау механизмдері негізінен дұрыс талданған, бірақ кейбір аспектілер тереңдетілмеген.	Тақырып жалпы ашылған, бірақ мазмұнда елеулі олқылықтар бар. Тараптардың құқықтары және қорғау механизмдері аздап қарастырылған.	Тақырып толығымен ашылмаған. Тараптардың құқықтары және оларды қорғау механизмдері дұрыс сипатталмаған немесе өте үстірт қаралған.
<b>Теориялық негіздеме</b>	Жер қойнауын пайдалану құқықтағы негізгі құжаттар, келісімдер және институттар нақты талданған. Адам құқықтары бойынша негізгі құжаттарға сілтемелер толық және дәл берілген.	Негізгі құжаттар мен институттар негізінен дұрыс сипатталған. Алайда кейбір маңызды құжаттарға немесе аспектілерге тереңірек тоқталу қажет.	Жер қойнауын пайдалану құқықтағы құжаттар мен институттарға аз ғана сілтеме жасалған немесе олар тек жалпы түрде сипатталған.	Жер қойнауын пайдалану құқықтағы құжаттар мен институттар мүлдем қарастырылмаған немесе дұрыс түсіндірілмеген.
<b>Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар Қорғау механизмдерін талдау</b>	Тараптардың құқықтарын қорғау механизмдері терең және жан-жақты талданған. Келісімшарттарда тараптардың құқықтарын қорғау шаралары, дауларды шешу тәртібі мен механизмдері нақты көрсетілген.	Азаматтырдың құқықтарын қорғау механизмдері жеткілікті деңгейде қарастырылған. Кейбір механизмдер толық ашылмаған немесе тек жалпы түрде сипатталған.	Қорғау механизмдері үстірт түрде қаралған немесе маңызды тетіктер мен ұйымдар сипатталмаған.	Тараптардың құқықтарын қорғау механизмдері мүлдем қарастырылмаған немесе қате сипатталған.
<b>Жазу, APA style</b>	Жұмыс сауатты жазылған, грамматикалық және стилистикалық қателер жоқ. Мәтін оңай оқылады, тілдік құралдар дұрыс қолданылған.	Кішкене грамматикалық және стилистикалық қателер бар, бірақ олар мазмұнды түсінуге кедергі келтірмейді.	Көптеген грамматикалық және стилистикалық қателер кездеседі, мәтін түсініксіз.	Жазу стилі мен грамматикасы өте нашар, мәтін түсініксіз.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ**  
**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**СӨЖ 3. Жер қойнауын және айналадағы табиғи ортаны қорғау мәселелерін зерттеу. жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<b>Тақырыптың толық ашылуы</b>	Жер қойнауын пайдалану мен айналадағы табиғи ортаны қорғау мәселелері жан-жақты әрі толыққанды талданған. Экологиялық құқықтық негіздер, экологиялық әсерді бағалау, тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау шаралары экологиялық проблемаларды баяндалған.	Тақырып жеткілікті деңгейде ашылған, негізгі мәселелер дұрыс қарастырылған, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған.	Тақырып жалпы ашылған, бірақ негізгі мәселелер беткей қарастырылған, маңызды ақпарат жетіспейді.	Тақырып толық ашылмаған немесе мазмұнда айтарлықтай кемшіліктер бар.
<b>Теориялық негіздеме</b>	Жер қойнауын қорғау мен экологиялық тұрақтылықты сақтау жолындағы мәселелер мен шешімдер қарастырылған. Құжаттарға, келісімдерге және тиісті заңнамалық актілерге дәйексөздер келтірілген.	Теориялық негіздеме бар, бірақ кейбір маңызды аспектілер толық ашылмаған немесе дәйексөздер жеткіліксіз.	Теориялық негіздеме үстірт түрде берілген, кейбір қажетті құжаттар мен дереккөздер қарастырылмаған.	Теориялық негіздеме жоқ немесе өте аз, маңызды құжаттарға және дереккөздерге сілтемелер жоқ.
<b>БҰҰ-ның ролін талдау</b>	Табиғи ортаны қорғау үшін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, жергілікті тұрғындардың қатысуымен экологиялық жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылуы жолдары қарастырылған. Табиғатты қорғау жөніндегі шаралар, қорықтар мен ұлттық парктердің құрылуы экологиялық жағдайды жақсартады және жер қойнауын пайдалану құқықты дамытудағы ролі жан-жақты сипатталған.	Халықаралық экологиялық стандарттарға жеткілікті деңгейде қарастырылған, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған немесе беткей сипатталған.	Экологиялық проблемалар, мысалы, ластану, жердің тозуы сияқты мәселелерге жалпы ақпарат бар, бірақ талдау жеткіліксіз немесе негізгі элементтер қамтылмаған.	Экологиялық проблемалар толық қарастырылмаған немесе мүлдем түсіндірілмеген.
<b>Қорытынды және ұсыныстар</b>	Жұмыстың қорытындысы нақты және логикалық түрде берілген. Ұсыныстар мен талдаулар толық қамтылған.	Қорытынды бар, бірақ ұсыныстар мен тұжырымдар жеткіліксіз немесе толық емес.	Қорытынды жалпы сипатта, нақты ұсыныстар немесе шешімдер жоқ.	Қорытынды мүлдем жоқ немесе жұмыстың мазмұнымен байланысты емес.



## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

### СӨЖ 4. Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвесторлардың құқықтарын қорғау жолдары. жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
	20-25 %	15-20%	10-15%	0-10%
<b>Тақырыптың толық ашылуы</b>	Инвесторлардың лицензия алу, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру құқықтарын қорғау мәселелері жан-жақты талданған. Инвесторлар мен мемлекет арасында жасалатын келісімшарттарда құқықтар мен міндеттер, экологиялық талаптар, табыс бөлісу механизмі нақты баяндалған.	Тақырып жеткілікті деңгейде ашылған, негізгі мәселелер дұрыс қарастырылған, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған.	Тақырып жалпы ашылған, бірақ негізгі мәселелер беткей қарастырылған, маңызды ақпарат жетіспейді.	Тақырып толық ашылмаған немесе мазмұнда айтарлықтай кемшіліктер бар.
<b>Теориялық негіздеме</b>	Инвесторлардың құқықтарының бұзылуы жағдайында дауларды шешу үшін тиімді механизмдер мен шешімдер қарастырылған. Құжаттарға, келісімдерге және тиісті заңнамалық актілерге дәйексөздер келтірілген.	Теориялық негіздеме бар, бірақ кейбір маңызды аспектілер толық ашылмаған немесе дәйексөздер жеткіліксіз.	Теориялық негіздеме үстірт түрде берілген, кейбір қажетті құжаттар мен дереккөздер қарастырылмаған.	Теориялық негіздеме жоқ немесе өте аз, маңызды құжаттарға және дереккөздерге сілтемелер жоқ.
<b>БҰҰ-ның рөлін талдау</b>	Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инфрақұрылымды дамыту жолы жан-жақты сипатталған.	Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвесторлардың құқықтарын қорғау жеткілікті деңгейде қарастырылған, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған немесе беткей сипатталған.	Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвесторлардың құқықтарын қорғауға жалпы ақпарат бар, бірақ талдау жеткіліксіз немесе негізгі элементтер қамтылмаған.	Жер қойнауын пайдалану саласындағы инвесторлардың құқықтарын қорғау толық қарастырылмаған немесе мүлдем түсіндірілмеген.
<b>Қорытынды және ұсыныстар</b>	Жұмыстың қорытындысы нақты және логикалық түрде берілген. Ұсыныстар мен талдаулар толық қамтылған.	Қорытынды бар, бірақ ұсыныстар мен тұжырымдары жеткіліксіз немесе толық емес.	Қорытынды жалпы сипатта, нақты ұсыныстар немесе шешімдер жоқ.	Қорытынды мүлдем жоқ немесе жұмыстың мазмұнымен байланысты емес.